

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасындағы қамқоршылық кеңестің І-жарты жылдығының есебі

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасындағы қамқоршылық кеңестің І-жарты жылдық бойынша балабақшада атқарылған, жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетейін. Оған қамқоршылық кеңес төрайымы мен мүшелері қатысып отыр.

Бүгінгі күнде мектепке дейінгі мекемелер алдында тұрған міндеттердің бірі-жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтау болып отыр.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие мен білім беру үдересінің білім беру бағдарламалары мен МДҰ-ның Жарғысына және әдістемелік нұсқаулық хатымен сәйкес жүргізіледі.

Балабақшада оқу тәрбие үдересін және оның нәтижелерін атап айтқанда тәрбиеленушілердің білімдерін, икемдері мен машықтарын олардың дамуын бақылау мұқият жоспарлануы тиіс.

Тамыз айында МДҰ-ның тәрбие мен білім беу үдересін бақылаудың перспективалық жоспары жасалынады, онда тақырыптық, жаппай және жедел бақылау көзделеді.

Бұл жоспарға

- балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау;

- серуендеу режимін орындау;

- ойын-сауықтар яғни мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру.

Осылайша балабақшада тәрбие мен оқыту жүргізіледі.

Баланы салауатты өмір салтын қалыптастыруда бізде балабақшада жазғы сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылады. Әрине жазғы сауықтыру жоспары аясында жүргізіледі. Яғни салауатты мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мекеменің басты міндеті. Жазғы уақыттағы балалармен жұмысты сауықтыру деп атау жолға қойылған. Балабақшада жаз кезіндегі жұмысының негізгі мақсаты сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және оларға жағдай жасау олардың қызығушылықтарын дамыту болып отыр. Жаз ткезеңіндегі сауықтыру жұмыстары медбикенің, тәрбиешілердің жоспар аясында түрлі іс-шаралар өткізіледі. Таңғы дәрумендер сағат 11-00 де беріледі. Онда витаминдер, түрлі шырындар беріледі. Әрине медбикенің бақылауымен жүзеге асырылады.

Атқарылған жұмыстарға тоқталатын болсам, жазғы сауықтыру жұмыстары тамыз айының аяғына дейін жүргізіледі.

Көктем мезгілінде «Бірлесіп ағаш отырғызайық» балабақша ауласын көріктендіру барысында шие ағаштары, гүлдер отырғызылды. .Балаларды қорғау күніне орай тәрбиеленушілерге сыйлықтар тапсырылды. Балабақша ауласын безендіру барысында қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарова өз үлесін қосты. Біздің